

МЕРЕЙ



Дәннің қамбасы, әннің арнасы

2

ӘЛЕУЕТ



Жаңа мемлекеттік жәрдемақы

3

ТАНЫМ



Ілгерілеудің кілті – ізденісте

4

ӨНЕР



«PodarKing» бренді қалыптасып келеді

4



Сыр бойы



№159 (19837)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

<https://twitter.com/syrboyi>

www.instagram.com/syrboyikz

22 қазан /СЕЙСЕНБІ / 2019 ЖЫЛ

ПРЕЗИДЕНТ

Жоғарғы Сот төрағасын қабылдады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановты қабылдады.

Қазақстан Президентіне биылғы 9 ай ішіндегі Жоғарғы Сот қызметінің қорытындылары мен сот жүйесін жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыстар жөнінде мәлімет берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа судьяларды іріктеу жүйесін жақсарту, бірыңғай сот тәжірибесін қамтамасыз ету, сот төрелігін жаңғырту, соның ішінде соттан тыс татуласу орталықтарын құру, отбасы соттары мен фронт-офистер жайында атқарылған шаралар туралы баяндалды.

Мемлекет басшысы халықтың сот жұмысына деген сенімін арттыру, азаматтардың өтініш-шағымдарын әділ қарау, шығарылатын сот шешімдерінің сапасын жақсарту қажеттігін айтты.

Президент судьялардың жүктемесін азайту және сот шешімдерінің сапасына кері әсер ететін оларға қатысы жоқ істерден босату жөнінде шаралар қабылдауды тапсырды, сондай-ақ, судьялар корпусының құзыреттілігін арттыру жұмыстарын жалғастырудың маңыздылығына назар аударды.

САПАР

Жаңақорған ауданы: Үздіктік көші үзілмейді

Жаңақорған ауданында дәстүрлі «Алтын дән» салтанаты аясында бірқатар мерекелік шара ұйымдастырылды. Орталық алаңда өткен күзгі думанды тұрғындармен бірге облыс әкімі Қуанышбек Ысқақов тамашалап, көпшіліктің қуанышына ортақтасты. Аудандағы ауқымды істерге тоқталып, агроөнеркәсіп кешенінде экспорттық үлесі ұлғайғанын атап өтті. Сонымен қатар «Құрмет» орденінің иегері, еңбек ардагері Машбек Нәлібаевты еске алуға арналған қазақ күресінен жастар арасында республикалық және волейбол мен шағын-футболдан облыстық ашық турнирге қатысты.

Мәлімді ҚАЛЫМБЕТ.

— Аудандағы 957 шаруашылық құрылымдарының 203-і күріш өсірумен айналысады. Биыл 7739 гектар күріш алқабының әр гектарынан 58 центнерден өнім алып, 44,8 мың тонна астық қамбаға құйылды. Ал, мал азығын дайындау жұмыстары бойынша ауданда 88 мың тонна жоңышқа, 64 мың тонна табиғи шөп жиналды. Сондай-ақ, көкөніс, бақша дақылдары мол өнім беріп, былтырғы жылмен салыстырғанда өнімділіктің ұлғайғанын көрсетіп отыр. Аудандағы ерекше өнiмнің бірі — облыс брендіне айналған



Жайылманың қарбызы. Оның экспорты қарқынды өскен. Кейден ауылдық округінде де жүгері кластері дамып, «Кәусар» суынына сұраныс артып келеді. Сыр өңірінің төрт түлігінің үштен бірі — осы ауданда. Содан болар, аудан «Сыбаға», «Алтын асық» бағдарламаларына белсенді қатысушылардың қатарында. Жаңақорғанда жарқын іс көп. Бұған ауданның үш жыл катарынан «Үздік аудан» номинациясын иеленгені дәлел. Жұырда өткен облыстық «Алтын дән» мерекесінде де аудан мал шаруашылығы саласы бойынша топ жарды, — деді облыс әкімі.

3-бет.



Сырдария ауданы: Еңбек пен өнерге құрмет

Ала жаздай мәпелеп өсірген астықты ысырапсыз жинаған сырдариялық дикандар мерейлі шаққа ерекше қуанышпен келіп отыр. Биыл да ойға алған жежені орындап, құрмет төрін көрінді. Осыған орай аудандық мәдениет үйінде дикандардың төл тойы аталып, «Алтын дән» салтанатты шарасы өтті.

Салтанатты шарада аудан әкімі Руслан Рүстемов еңбеккерлерді мерекемен құттықтады. Биыл аудан бойынша 21050 гектар жерге күріш дақылды егілді. Орташа есеппен гектарынан 63,5 центнерден өнім алынып, мол астық жиналды, — деді ол. Аудан басшысы әр шаруашылықтың жетістігіне тоқталып, облыс бойынша алдыңғы қатарда көрінген еңбеккерлер мерейін үстем етіп, әрқайсысын ерекше атап өтті.

Құттықтаудан кейін үрдіс бойынша егін жинау қорытындысында үздік жетістікке қол жеткізген озаттар марапатталып, егінжай ерлеріне сый-құрмет көрсетілді. Орталық алаңдағы мол-шылық мерекесінде агроөнеркәсіп кешені бойынша үздік жетістікке жеткен мамандар еңбегі еленді. «Алтын дән-2019» салтанатты шарасы аясында нағилық және бесарықтық еңбеккерлерге жана

автокөліктердің кілті табыс етілді. Биыл Н.Илиясов ауылындағы «Мағжан және К» ЖШС облыста озат шаруашылық атанды. Осы жылы да жеделен асыра өнім алып, ел берекесі тасыды. Айтулы жұмысты жүзеге асыруға атсалысқан 7 еңбеккерге аудандық мәслихат депутаты, «Мағжан және К» ЖШС директоры Дархан Ерәліев «Нива» автокөліктерінің кілтін тапсырды. Биылғы науқанда «Бесарық» ЖШС да мол өнімге қол жеткізді. Дәулет Сәрсенбаев басқаратын шаруашылық 586 гектарды құрайтын күріш алқабының әр гектарынан 78 центнерден астық жинады. Нәтижесінде аудан бойынша алдыңғы қатардан көрінді. Осындай көрсеткішке жеткен шаруашылық еңбеккерлері де елеусіз қалған жоқ. Мерекелік шарада серіктестік директоры 3 қызметкерге жаңа автокөлік кілтін берді. Айтулы мерекеде мерейі үстем болған аза-

маттар еңбектің еленгеніне ризашылықтарын білдірді. Мерекеде ауыл шаруашылығы жәрменкесі ұйымдастырылып, сатылымға 40-тан астам өнім шығарылды. Шаруашылықтардан 30 тонна ақ күріш, жем әкелінді. Жәрменкеде картоп, жуа, сәбіз саты-



лып, тұрғындар қыстық қорын қамдап алды. Осы күні айтыскер-ақын, өтірік айтыс жанрының майталманы Заматдин Ибадуллаевтың 80 жылдығына орай Сырдария ауданы әкімдігінің қолдауымен «Заңғар ақын — Заматдин» тақырыбында об-

лыстық ақындар айтысы өтті. Аудандық мәдениет үйіндегі айтысқа елімізге белгілі ақындар Мұхтар Ниязов, Нұрмат Мансұров, Марат Сүгірбай, Ерженіс Әбдиев бастаған 10 дарынды ақын қатысып, сөз барымтасының көрігін қыздырды.

3-бет.

Өңірде жылу бағасы төмендеді. Биылғы жылу беру маусымынан бастап тұрғындар бұрынғы бағадан 1,2 процент төмен төлейтін болды. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметіндегі брифингте ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің облыс бойынша департаменті басшысы Гүлмира Өтегенова мәлім етті.

Дәулет ҚЫРДАН.

Жылу бағасы төмендеді



Департамент басшысының айтуынша, қазір қаралымда тағы да екі тариф бар. Оның бірі — «ҚазТрансГазАймақ» Қызылорда өндірістік филиалының газ тасымалдау қызметіне байланысты, екіншісі — «Қызылорда су жүйесі» мекемесінен келіп тұр.

— Бұның себебі — биыл олардың қолданыстағы тарифтерінің уақыты бітеді. Енді алдағы 2020-2025 жылдарға арнап бекіту керек. Сондай-ақ, ел арасында жылу бағасы көтеріледі деген жаңсақ ақпарат жүр. Ол көтерілмейді, керісінше, 1,2 процентке төмендеді, — дейді Г.Өтегенова.

Департамент тарапынан 2018-2019 жылдардағы сыртқы ауаның нақты температура-сын ескере отырып, сараптама жүргізілген. Нәтижесінде жылумен жабдықтау қызметтерінің құны қайта есептеліп, 80,8 млн теңге қаражат тұрғындарға қайтарылатын болды. Бүгінге дейін тарифтік сметалардың орындалу есептерін талдау нәтижесінде 18 субъектіге 29 уақытша өтемдік тарифтер енгізілді, яғни, 0,1 проценттен 88,2 процентке дейінгі аралықта көтеріледі деген жаңсақ ақпарат делініп, тұтынушыларға қайтару сомасы 1,4 млрд теңгеге жетті.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

2020 жылдың бірінші жартыжылдығына «Сыр медиа» ЖШС қарасты газеттерге газылу жүргізілуде

«Сыр бойы» газеті жекелер үшін:

6 айға — 3000 теңге. Мекемелер үшін — 4000 теңге.

БАСПАСӨЗ — 2020

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.

Серіктестікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және «Сыр медиа» ЖШС-ның баспасөз бөлімінде (С.Бейбарыс көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және аталған мекен-жайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға бөлім қызметкерлері барып қызмет көрсететінін еске саламыз.





Құрылғанына 80 жыл толып отырған Жалағаш – күршіт аймақ. Сонымен ел аузында. Аудан бойынша ауыл шаруашылығы дақылдары мол түсімге ие. Биылдың өзінде Сырдың басты бренді – күршіт 21800 гектарға орналастырылды. Мұнан бөлек жаздық бидай, арпа, мақсары, жана және ескі жоңышқа, картоп, бақша мен көкөніс өнімдерін екен. Жалағаштың дикандары үлкен сенімнен шығып келеді. Бытмақты еңбекпен ырзығын ысырапсыз жинап алған бейнеткер қауым қамбасын толтыра, күршіттен тау тұрғызуда. Дикан қауымның ала жаздағы еңбегінің өтеуі қайтты. Сүйіншілейтін жаналық, биыл Жалағаш дәстүрлі «Алтын дән-2019» мерекесінде облыс бойынша «Үздік аудан» атанды. Ал мұның бәрі сондағы ел ауызбірлігінің керемет көрінісі еді. Бұл марапат 80 жылдық мерейтой қарсаңында аймақ бойынша алға шыққан жалағаштықтардың жемісті жетістігімен қатар тойға деген тамаша тарту болғаны айтпаса да түсінікті шығар.

Ержан ҚОЖАСОВ.

Кәсібін нәсібім деп білген

Жалағашта кәсіпкерлер көп. Бизнеспен айналысуға халықтың талпынысы жоғары. Екі жыл бұрын 174 жоба 1,4 миллиард теңгеге қаржыландырыла, былтыр ол 2 есеге өсіп, 294 жоба 3,1 миллиард теңгеге жетті. Алғашқы жартыжылдықта 167 кәсіпкер 1,5 миллиард теңгеге жуық несие алып отыр. Мұндағы мақсат – кәсіпкерлікті дамы-

тарымен басталды. Аудандық жастар ресурстық орталығы жанынан «Coworking» орталығын ашу үшін аудандық бюджеттен 5 миллион теңге бөлінді. Аталған орталықта жастардың тұлғалық қалыптасуына арналған тақырыптық семинар-тренингтер, түрлі бағыттағы спорттық шаралар ұйымдастырылып, бос уақытты тиімді өткізуге барлық жағдай жасалған. Сондай-ақ мұнда жастарға арналған үстел теннисі, аэрохоккей, шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ спорттық

ӘЙЕЛДЕР ФОРУМЫ: ПІКІР-ПАЙЫМ

Басты мақсат – ауылды дамыту

Ауыл әйелдер форумын өткен жылы Астана қаласында республикалық деңгейде өткізген болатынбыз. Бұл бастама форум қатысушылары тарапынан қолдау тауып, өңірлерді қамтуға ұсыныстар берілді. Сол кезде Қызылорда өңірі бірінші болып қолға алған еді. Биыл да облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен жоғары деңгейде өткізіліп отыр. Біздің басты мақсатымыз – ауыл әйелдерінің жетістіктерін тану және ауылдағы өмір сүру сапасын арттыру, жұмыссыздықты жою, ауылдық аумақтарды тұрақты дамыту мәселелерін талқылау, соның ішінде жасыл экономика мен ТДМ-2030 принциптерін енгізу.

Бұл ретте мемлекет те ауылды тұрақты дамытып, тұрғындар табысын еселеуге басымдық беруде. Түрлі бағдарламалардың қолға алынып, ел игілігіне жолдануы – осының бірден-бір дәлелі. Біздің ұйым осы бағдарламалардың жүзеге асуына үлес қосуда. Ауыл тұрғындарына нақты ақпарат беріп, оған қатысуға қандай мүмкіндіктердің бар екендігін жеткізіп отырмыз. Ауылдық жерде кәсіп бастау үшін біздің тараптан идеялар ұсынылуда, бизнес жобалар бойынша грантка не болу мүмкіндіктері де бар. Осының барлығын тиімді пайдалануға ауыл адамдарын шақырамыз, әсіресе, ауыл аналарын.

Салтанат РАХИМБЕКОВА,
«Жасыл экономика және G-Global»-ды дамыту Коаллициясы»
заңды тұлғалар бірлестігінің басқарма төрайымы.

Форумның маңызы зор

Бүгінде елімізде еңбек етемін деген жаңа қолдау көп. Мен көпбалалы анамын. Бала-шағамның несібесі үшін 2011 жылы “Балапан” бағдарламасы арқылы балабақша ашып, өз кәсібімді бастағанмын. Одан кейін ауыл балаларының әлеуетін көтеру, олардың тәрбиесіне кішікене болса да үлес қосу әрі ауылмызды көркейту мақсатында өткен жылы мемлекеттік жеке-меншік әріптестік аясында спорт кешенін аштық. Қазіргі таңда 280 бала осы кешенде спорттық әр түрмен айналысуда. Алға қойған мақсатымыз көп. Форум осы мақсаттарымыздың жүзеге асуына, ойымыздың, идеямыздың жанаруына жол ашты. Себебі, ауыл әйелдері мемлекеттік бағдарламаларды білу үшін әкімдікке немесе “Атамекен” кәсіпкерлік палатасына бара бермейді. Бұл жерде ашық диалог орын алуға. Біріміздің білмегенімізді біріміз айттып, түсіндіріп, көптеген пайдалы ақпараттарға қанығудамыз. Осылай ауыл әйелдерінің басын қосып, олардың кәсіп ашуына, оны жетілдіруге бағыт бағдар беруді ұйымдастырып, қолға алған облыстық ішкі саясат басқармасына ризалық көңілді жеткізіміз келеді.

Әсемкүл ЕРМАХАНОВА,
жеке кәсіпкер,
Жаңақорған ауданы.

Келелі ой салды

Қоғамда әйелдер барлық салада кызмет атқарады. Ал жеке кәсіп ашып, жұмысын жүргізіп отырғандары қаншама?! Демек, нәзік жандылардың қоғамда ролі артқан сайын, жауапкершілік салмағы да көбеюде. Ауыл әйелдері форумы – осы сөзіміздің дәлелі. Бұл жылы қатысушылардың барлығына келелі ой салды. Әсіресе, кәсіпін енді бастағысы келетін әйел-аналарға үлкен ақпарат кеңістігі іспетті. Үйдің тірлігімен айналысып, от басы, ошақ қасында жүрген аналар күйбең тірліктен бір сәт босап, жаңа мүмкіндік, даму, жетістікке жету сырларына қанықты. Өзім жеке кәсіпкер ретінде елімізде жүріп жатқан бағдарламалардың іске асуы, қайтарымысыз қаржы алудың жолдары турасында нақты ақпарат алдым. Бұл ақпараттар кәсібімді әрі қарай жандандыруға өз септігін тигізбек. Сондықтан мұндай форумдар керек әрі дер уақытында қолға алынған шара десем болады.

Шолпан ҚА.ШЕВА,
жеке кәсіпкер,
Жалағаш ауданы.

Дәннің қамбасы, әннің арнасы

Жалағаш жайлы жазбалар

Мақала басында айтып кеткендей, дербес аудан болып құрылып, құжат қатталғалы 80 жылдан асыпты. Бұл Жалағаштың тарих бастауы осымен түгелсіз деген сөз емес. Тым әріде жатыр. Киелі жердің Алашқа ана атанған Сыр өңірінің құт қонған өлкесінің бірі екенін бәрі біледі. Ежелгі сақ және қаңлы дәуірінің бірегей археологиялық ескерткіштері Түгіскен, Ойғарақ обалары, Баланды I қалашығы мен Баланды II күмбезді кесенесі, Домалақ асар, Қосбалы асар, Моншақты асар, ортағасырлық Жент және Құмқала қалашықтары осы өлкеде орналасқан.

Қазақ тарихында бұрын-соңды болып көрмеген жаппай қолхоздастыру секілді жан-жақты қысым мен заңсыздықтарға қарсы ауқым жағынан Жалағаш топырағында болған 10 мыңға жуық адам қатысқан Қарақұм көтерілісінің орны тағы бөлек.

Жалағаш – көп ұлтқа қорған болған жер. 1937-1944 жылдар аралығында ауданға мыңдаған корей, шешен-ингуш халықтарының өкілдері күштеп жер аударылды. Ұлы Отан соғысының алғашқы айларында оларға Еділ бойындағы неміс автономиялық облысындағы неміс және Дон өзені бойындағы қалмақ жанұялары келіп қосылды. Сөйтіп, тағдырдың тәлкегімен сол ұлтам жылдарда қуғындалып келген халықтардың мыңдаған өкіліне қасиетті Жалағаш жері екінің Отаны болды. Мейірман да қонақжай қазақ халқы оларды тілі, діні мен ділі бөлек деп жатсыншып, өңменінен итермей, бауырына тартып, қамқорлыққа бөледі.

Қазіргі таңда аудан көлемінде тұрып жатқан өзге ұлт өкілдері қазақ елінің болашағын өркендету мақсатында жергілікті қазақ халқымен бірге қойын-қолтық еңбек етуде.

Нақты деректі сөйлестек, Жалағаш ауданы 1939 жылдың 17 қазанында Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі Президиумының Жарлығымен құрылған. Оның құрамына Қармақшы және Теренөзек аудандарының 9 ауылдық кенесі енгізіліп, аудан орталығы Жалағаш поселкесі болды. Ауданға 1 МТС пен 34 қолхоз біріктірілді.

Аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып С.И.Кистанов, аудан бойынша ұйымдастыру комитетінің төрағасы болып Жаппасқали Төлепбергенов, мүшелігіне аудандық НКВД бөлімінің басшысы, мемлекет қауіпсіздігінің кіші лейтенанты Иманәлі Бөлекеев, Нағымет Мырзалiev және Шайқы Саяхов тағайындалды.

II Дүниежүзілік соғыста жалағаштық еңбеккерлер бірінші жылдың өзінде-ақ майданға 7 мыңнан аса жылы киім, оның ішінде 152 тон, 281 пима, 472 қолғап, 430 жүн шұлық, 698 құлақшын, 510 шұлғау және т.б. бұйымдар жөнелкенін айтуымыз керек. Архив деректеріне сүйенсек, Ұлы Отан соғысына үш мыңнан аса жалағаштық аттанып, олардың тек 826-сы ғана елге оралған екен. Екі мыңнан аса жалағаштық жауынгерлер майдан даласында қаза тауып, хабар-ошарсыз кетті.

Ауданда тарихи және мәдени ескерткіш орындары көптеп кездеседі. Қазіргі таңда 66 тарихи және мәдени ескерткіш тізіміне алынған. Мұнда «Орынбор - Ташкент» темір жолы және «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық автомагистралі өтеді.

Жалағаш жері Келмембет, Тойқожа, Сәрке, Байқадам, Бұқарбай сынды батырларды, қара қылды қажарып, екі ауыз сөзбен ердің құнын бітірген Құба би, Өмірбай, Бостай шешендерді, Нысанбай ақынды, Алданазар, Шортанбай, Тынымбай билерді өмірге әкелген өңір.

Қазақ ССР Жоғарғы Советінің алғашқы депутаты Айымқұл Ізтілеуова, екі мәрте депутаты Сақыбай Қалыбаев, туған жерге тер төккен Төлеген Қыстаубаев, ауылшаруашылық саласының шебер ұйымдастырушысы Мәрілі Шәменов, Алдаберген Бисенов, Камал Бердәулетов, Ұзақ Еспанов, жүзі басқа болса да жергеі бір Қим Яков, Тимофей Хетай, Мұхамедтаһир Әлмұразаев, Борис Мартель, Феранонт Ефремов, Иосиф Тяп, тағы да басқа азаматтар Жалағаштың өркендеуіне еңбек еткен жандар еді.

Тұңғыш мәдениет министрі, нарком Темірбек Жүргенов, ғалым Мардан Байділдаевті дүниеге әкелген Жалағаш жері қастерлі топырақ. Тұғыры биік өлкенің өсіп-өркендеуіне өлшеусіз еңбек етіп, зор үлесін қосқан мемлекеттік деңгейдегі осындай қайраткер тұлғалар шықты.

Бүгінгі белес немесе Жалағаштағы соны жаңалықты айтсақ...

Күршіттен өзге кәсіп көбейіп келеді мұнда. Рас. Түрлі жобалар қаржыландырылып, ел мүддесіне жұмыс аянбай істелуде. Жалағаш ауданына тартылған инвестициялық жобалардың жалпы құны 45 миллиард теңгеден асқан. Бұл дегеніміз – ауданның жалпы дамуына айшықты үлес қосар айтарлықтай сома. Қазіргі таңда ауданда 45 миллиард теңгенің жобалары іске асырыла, оның 29 миллиарды биыл игерілуде. Бұл қаржының негізгі бөлігі – 19 миллиард теңге күн сәулесінен 30 МВт энергия өндіретін электр станциясы құрылысына тиесілі. Жоба жүзеге асқанда 18 адам тұрақты жұмыспен қамтылып, бюджетке жыл сайын 150 миллион теңге қаржы түсетін болады.

Ал одан кейінгісі – «Ирригация және дренаж жүйелерін жетілдіру» жобасының екінші кезеңі. Бұл жоба аясында Таң, Мәдениет, Бұқарбай батыр, Аққұм ауылдық округтерінде айналынған шыққан 15123 гектар жер қалпына келтіріліп, суармалы жерлер мен канал жүйелері толық жаңарудан өтетін болады.

2020 жылы құрылысы толықтай аяқталатын 30 МВт күн электр станциясын осы жылы «Nomad Solar» ЖШС қолға алған болатын. Қазіргі таңда электр станциясын салу, учаскесі толығымен тазартылып, тегістелген. Жоғары кернеулік алаңында инверторлық қосалқы стансалар салынып, күн панелі тіректерінің 80 проценті орнатылыпты.

Айтпақшы, бұдан басқа жеке жобалардан «Туған жерге тағзым» аясында кәсіпкер, Алматы қаласының тұрғыны, Ақсу ауылының тумасы Ерлан Сағынбаев кент орталығынан 900 орындық мешіт және мешіт жанынан 360 орындық асхананың құрылысын өз қаржысымен салып жатыр. Жыл аяғына дейін толық аяқталады деп күтілуде. Сонымен бірге елдің әлеуметтік жағдайына баса назар аударатын «Таң ЛТД» ЖШС басшысы И.Шағыртаев, «Ер-Әлі» ШЖС төрағасы Ә.Бекжанов, «Байтабын» ЖШС басшысы С.М.Муханов, «Еңбек Жер»



ЖШС төрағасы Ш.Исмаков сияқты ел азаматтарын атап өткен жөн. Бұлар ауылдың келешегіне толық жауапкершілікті сезінумен қатар, инфрақұрылымды жөндеуге, қоғам тұрақтылығын сақтауға зор үлесін қосып келеді.

«Ауыл – ел бесігі» жобасы шеңберінде облыстан Жалағаш ауданына 626,4 миллион теңге қаржы қарастырылыпты. Бұған қоса облыстық бюджеттен 76,4 миллион теңге ақша бөлінген. №201 мектеп-интернатінің құрылысы жөндеу жұмыстарына жоғарыда аталған қаражаттың толықтай пайдаланыпты. Бұдан бөлек, аталған жоба аясында бөлінген қаржыға аудандық орталықтандырылған кітапхана ғимаратын жөндеу жұмыстары жүргізілуде.

Кент ішінде де біршама жұмыстар атқарылған. Абай, Нысанбай, Бұқарбай батыр, көшелерін қайта жөндеу жұмыстары аяқталды. Көктем уақытында Мысық би, Әпрезов көшелеріне ағымдағы жөндеу

жүргізілген. Жоғарыда айтып кеткен «Ауыл – ел бесігі» жобасы аясында Б.Алтынсарин, Т.Жүргенов, Конституция, І.Қабылов, С.Қалыбаев және Н.Мырзалiev көшелерін орташа жөндеу жұмыстары да бітті.

Жалағаштық ағайынның көптен күткені 100 орындық орталық аурухана құрылысы еді. Жылдар бойы күн тәртібінен түспей, шешімі табылған істің басталғанына да жарты жыл өтті. Бүгінде толықтай іргетасы қаланып, еңесін тіктеген үлкен аурухананың жалпы құны 4 миллиард теңгеден асады. Биылға республикалық бюджеттен 462 миллион теңге бөлініп, құрылысын жүргізуді «Абу-Сер» ЖШС қолға алған.

Сонғы екі жылда ауданда өңдеу өнеркәсібі саласы бойынша құны 1 млрд 106 млн теңге болатын 6 жоба іске қосылып, 72 жаңа жұмыс орыны ашылды. Олардың қатары жылы соңына дейін тағы ауқымды 2 жобамен толықтақ.

ту арқылы жұмыссыздықты жою. Еңбекпен аты шыққан Жалағаштағы жұрттың бұл бағытта жетістіктерге жететініне сенім мол.

Аудан орталығының батыс бөлігінде 22 гектар жер телімі белгіленіп, «Серпін» аграрлы-индустриалды аймағы құрылғанын айта кеткен жөн. Бұл аймақ инженерлік-инфрақұрылыммен толық жабдықталып, автожол, телефон, ауыз су және электр желілері түгелдей жүргізілген еді. Мұндағы жер телімінің 12,7 гектары кәсіпкерлерге табысталған.

Айта кету керек, аграрлы-индустриалды аймақта жалпы құны 297 миллион теңгені құрайтын 8 өндіріс орны іске қосылып, 79 адам жұмыспен қамтылған. Алдағы уақытта жалпы құны 431 миллион теңгені құрайтын 9 жобаны іске асыру жоспарлануда.

Жастар жылы Жалағаш жастары үшін жағымды жаңалық-

жабдыктары, музыкалық аппаратура, видеоойындар бөлмесі мен компьютерлік қызметтерді тегін алуға мүмкіндіктер жасалған.

Атакәсіп ауызды аққа жеткізуде

Жалағашта көбіне-көп ірі қараның саны артқан. Ауданда етті мал шаруашылығын дамытудың бағдарламасына сәйкес, шет елдерден 200 бас ірі қара сатып алу жоспары белгіленген. Бүгінде Ақсу ауылдық округінен «Қиясов Е» ЖК Ресейден 100 бас асылтұқымды қалмақ сиырын әкелді. Сондай-ақ, 8 мың басқа жуық қой сатып алу да басты жоспарда тұр. Қой демекші, Қарақеткен ауылдық округінен «Қаншайым» ШЖС «Агро-не-не корпорациясы» АҚ-дан 12 миллион теңгеге жуық несие алып, 805 бас жергілікті қой аналығы мен 32 бас қазақтың ірі қылыш жүнді құйрықты қосқарын алдыртып, ұсақ мал басын арттыруға кіріспіті. «Мал өсірсен, қой өсір, пайда-сы оның көл-көсір» деген есті сөзді есте ұстаған аудандағы ағайын бұл кәсіппен бел шеше айналыса бастаған. Жоғарыда айтылғандардан бөлек, Ал Жаңадария ауылдық округінен «Қанджар» және «Ханшайым» ЖК 10 миллион теңге несие алып, 664 бас қой сатып алған.

Ер атанған еңбекпен...

Еңбек данқын асырған егінің жұрт бүгінгі заман талабына сай, мықты әрі тиімді шаруаны жүргізіп, жоғары белестерді мойындату үшін үлгісін көрсетіп келеді. Күні кеше Қызылорда қаласындағы салтанатты шарада марапат төніген көрінген жалағаштық еңбеккерлерді атасақ, «Үздік аудан» номинациясы бойынша I дәрежелі диплом аудан әкімі Қайратбек Сәрсенбаевқа табысталды. «Егінің» ЖШС басшысы Шағдат Жалғасов «Озат шаруашылық» номинациясы бойынша III дәрежелі дипломмен марапатталса, «Байтабын» ЖШС директоры Сапарбек Мыханов I дәрежелі «Еңбек даңқы» төсбелісін иеленсе, аудандық ауыл шаруашылығы бөлімінің маманы Ханбибі Асқарова «Ауыл шаруашылығы саласының үздігі» атанды. Үздіктердің қатары мұнымен толастамайды. «Мирас» ШЖС төрағасы Ерділда Рахметұлы «Еңбек ардагері» медалімен марапатталса, «Қақым-Бек» ШЖС төрағасы Алтай Пірманова «Б.Жахаев» медалі табысталды. Ал «Жігер» ШЖС төрағасы Самат Сарбасова ҚР АШМ «Құрмет» грамотасы берілсе, «Еңбек Жер» ЖШС комбайншысы Данабек Сәрсенбаев «2019 жылдың озат комбайншысы» атанды. Сонымен бірге «Байтабын» ЖШС күрішшісі Алтынбек Тасбергенов «2019 жылдың озат күрішшісі» номинациясын иеленсе, «Ер-Өлі» ШЖС агрономы Нұрбек Ахметов «2019 жылдың озат агрономы» болды. Бір сөзбен айтқанда, Жалағаш озаттардың елі, үздіктердің жері болып отыр бүгінде.

Еңбектің ер атандыратынын жан-тәнімен түйсінген еңбеккерлер қашанда көш басылып, 79 адам жұмыспен қамтылған. Алдағы уақытта жалпы құны 431 миллион теңгені құрайтын 9 жобаны іске асыру жоспарлануда. Жастар жылы Жалағаш жастары үшін жағымды жаңалық-



Жаңақорған ауданы: Үздіктік көші үзілмейді



Сондай-ақ, аймақ басшысы жергілікті ғалымдардың еңбегіне ерекше тоқталды.

– Өңірмізде селекциялық жұмыстармен айналысып жатқандар бар. Мәселен, белгілі ғалым-селекционер Керімхан Егізбаев өнімділігін дәлелдеген күріштің жаңа сортын, «Ай-Керімді» айналымға енгізді. Оның кез келген шетелдік күріш тұқымынан сапасы жоғары. Талай жылғы еңбегінің жарқын жемісін көрген Керімхан Егізбаевқа және Жакаев атындағы күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының мамандарына алғыс білдірміз. Барша жаңақорғандықтарды тағы да мерекеміз құттықтаймын, – деді өңір басшысы.

Мерекелік шарада ауыл шаруашылығы саласының дамуына атсалысқан бір топ еңбеккерлер марапатталды. Олардың қатарында жоғарыдағы «Ай-Керім» сортын енгізген Керімхан Егізбаев та бар.

– Жаңадан енгізілген әрбір сорт жаңды организм секілді. Ол ұдайы тынымсыз жұмыс істеп тұруы тиіс. Асқан ұқыптылықты, төзімділікті талап етеді. Егер бұл міндеттердің

1-бет.

үлесінен шықса, өнімді еселеуге болады. Бүгінгі мерекеді еңбегіміз елденді, дикандардың мерейі үстем болды. Алғыс айтамыз, – деді К.Егізбаев.

Әрі қарай жиналған қауым концерттік бағдарламаны тамашалады, дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңесін аралады. Тұрғындар ұлттық брендке айналған сусындардан дәм татып, бағандардың өсірген қауым-қарбызын саудалап, көрсекелеріне салып жатты. Ал, мына салмағы 30 келіге жуықтайтын асқабақты көргенде тайданысын жасыра алмағандар аз болған жоқ. Қожамберді ауылының тұрғыны Сәбит Сәрсеновтің саудалаған алып асқабағы ерекше көзге түскені рас.

– Асқабақты ауыл әкімі Молдахмет Нәлібаев аулына еккен. Бір қызғы, оны өсіруге ешқандай химиялық қоспа, дәрі-дәрмек қолданылмаған. Ол өзге тұқымдарына қарағанда алде-кайда жылдам жетілген. Келемі де, салмағы да басқаша. Дәл бұлай өсуіне қандай да бір жағдай жасалмапты, тек оны аптасына үш рет ғана суарып, анда-санда түбін

қосытып тұрған. Өткен жылы егілген асқабақтың салмағы 47 келіге дейін жеткен, – дейді С.Сәрсенов. Жәрмеңкеде көпшілік көрегін тиімді бағамен алды. Көтеріңкі көңілмен, мәре-сәре күйде тарқасты.

Сапарын Машбек Нәлібаев ауылында жалғастырылған облыс әкімі спорттық турнирде қатысушыларға сәттілік тілеп, бұл жарыстың жастарға үлгі әрі бұқаралық спортты дамытуға бағытталған игілікті шара екенін жеткізді.

– Сыр елінің ардақты асқакалы, абыройлы азаматы Машбек Сапарбайұлының құрметіне өткізілетін ашық турнирдің маңызы зор. 2005 жылдан бері ұйымдастырылатын бұл шара спорттағы достық дәкегеріне айналды. Талай дарынды жастың жолын ашты. Жарысқа үздіксіз қатысып, толағай нәтижелерге қол жеткізген спортшыларымыз ұлттық құрама сапына кірді, бұл біз үшін үлкен жеңіс, – деді өңір басшысы.

Турнирге республиканың барлық аймақтары мен облыстан 430-ға жуық спортшы қатысты. Соның ішінде жастар арасындағы қазақ күресінен облыс спортшылары жақсы нәтиже көрсетіп, 11 медаль иеленді. 100 келі салмақта Айдын Жыланбасов чемпион атанды. Дәулет Тұрғанов, Олжас Оразалыұлы, Нұрәулет Жақсылық пен Еңбек Сақтағанов күміс жүлдені қанжығаға байлады. Ерасыл Зейноллаев, Бағдаулет Имамзада, Бердібек Әбдіғалип, Әзір Әбдірахманов пен Бағдаулет Төлешов, Спандияр Әлмахановтар қоланы місе тұтты. Ал, ересектер арасында қызылордалық Мақсат Исағабайұлы түйе палуан атанып, 1 млн теңге қаржылай сертификатты иегері атанды. Күміс жүлдені еншілеген шымкенттік Ерұстлан Мұзаппарова 500 мың теңге табысталса, қола жүлдегер қызылордалық палуан Нұрмын Сәлімгерев 300 мың теңге сыйақыға қол жеткізді.

Сырдария ауданы: Еңбек пен өнерге құрмет

Айтысты аудан әкімі Р.Рүстемов ашып, құттықтау сөз сөйледі.

– Әрбір талант – дара дарын иесі. Сондықтан талантты тірісінде қадірлеп, құрмет көрсету – бәріміз үшін ортақ міндет. Оның үстіне қазақ халқында қандай да бір мереке айтыссыз өтпегенін негізге алсақ, «Алтын дән» мерекесімен тұспа-тұс келген бүгінгі айтыс – ауданымыздың ынтымақ-бірлігін, берекелі іске бейім екенін білдіреді, – деді ол.

Айтыстың ашылу салтанатында облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова айтыскер-ақын Заматдин Ибадуллаевқа облыс әкімі Қуанышбек Ысқақтың құттықтауын табыс етіп, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Аудан әкімі Руслан Рүстемов пен аудандық мәслихат хатшысы Ержан Әжікенов ақынға «Сырдария ауданының Құрметті азаматы» атағын беріп, иығына шапан жапты. Марапаттау рәсімінде 300-ге жуық көрермен тік тұрып қол соғып, шынайы құрмет көрсетті.

Сондай-ақ ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі Мұхтар Сақтапов З.Ибадуллаевтың жақында ғана жарыққа шыққан «Бағдар аяуған пенделер» атты кітабының тұсауын кесті. «Заматдин Ибадуллаев атындағы» дәстүрлі ақындар клубының сертификатын ақын өз қолымен аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Жеңісбек Төрәлиевке салтанатты түрде

1-бет.



табыстады.

Мұнан кейін ақынның төл шәкірті, Мамыр Байдәулетов айтыс тізгінін қолына алып, қазылар алқасының құрамымен таныстырды. Қазылар алқасының төрайымы, Халық ақыны Әселхан Қалыбеков, алқа құрамында ақын-журналист Ұларбек Нұрғалымұлы мен Сырдария аудандық «Тіршілік тынысы» газеті бас редакторының міндетін атқарушы Ақтөре Ибрагимұлы бар.

Айтысты қазылық Марат Сүгірбай мен шешелік Мейрамбек Ибрагимов бастап, орнықты ой, пайымды пікірлерін

өлеңмен өрнектеп, сөз сайысының көрігін қыздырды. Екінші жұп болып белгіленген ақын Бексұлтан Орынбарсаров пен Нұрат Қару қыз бен жігіттің әзілмен астақан тамаша айтысын көпшілікке көрсете білді. Ал, үшінші жұпты құраған қармақшылық Тұрар Бекмырзаев пен сырдариялық Ерасыл Бәйіментай аға мен іні арасындағы рухани байланысты өлең тілінде әзілтеп, айтысты тамашалауға келген қауымның ыстық ықыласына бөленді. Төртінші жұп сайысында қол соқпаған көрермен қалмады. Дарынды ақын Нұрмат Мансұров пен Ерженіс Әбдиев айтыстың шырайын аша түсті.

Сонғы жұп Мұхтар Ниязов пен Мұхамеджан Бағдатұлы ақынның төбесіне көтерген елдің ынтымағын, бірлігін жырға қосты. Ә.Қалыбеков Заматдин Ибадуллаевқа арнау өлеңін оқып, кітабын сыйлады, ақынның ардақтанған елге алғысын айтты.

Айтыс қорытындысында 100 мың теңге ынтымақдұру сыйлықтарын Н.Қару, М.Ибрагимов, Т.Бекмырзаев және М.Сүгірбай иеленді. Ал, жүлде қоры 200 мың теңгені құрайтын үшінші орын аралық Е.Әбдиевке берілсе, екінші орын тұғырынан елімізге белгілі ақындар М.Ниязов пен Н.Мансұров көрініп, қос ақынға 300 мың теңгеден берілді. 400 мың теңгелік сертификат жүзделі бірінші орынды иемденген сырдариялық М.Бағдатұлына табысталды. Айтыстың бас жүлдесін иеленген Е.Бәйіментай 500 мың теңгені қаржылай сыйақысын алды. Ал, көрермен қауымына қозғаймына айналған жас ақын Б.Орынбарсаров арнайы жүлдеге лайықты деп танылды.

Құтқарушылардың кәсіби мерекесі

Жақында құтқарушылар кәсіби мерекесін атап өтті. Мереке қарсаңында Қызылорда қаласында №7 өрт сөндіру бөлімі қайта жаңғыртылып ашылды. Рәсімге облыс әкімінің орынбасары Марат Делмұханов, облыстық ТЖ органдарының ардагерлері мен қызметкерлері және қала тұрғындары қатысып, бөлімнің жұмысына оң бағасын берді.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.



Бұл – үнемі жанқиярлық пен ерлікке әзір тұратын өмір сәлты. Тек баатыл, ержүрек, және табанды адамдар ғана құтқарушы мамандығын таңдайды. Себебі, сіздер күн сайын қиын да қауіпті жағдайда түрлі сипаттағы кәсіпкерлерге қарсы тұрып, баатыл әрі адал қызмет көрсетесіздер. Бүгінгі мереке – сіздердің осы қызметтеріңізге құрмет. Кәсіби мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймын, зор денсаулық, отбасы-

ларыңызға амандық, кәсіптеріңізге береке тілеймін, – делінген құттықтауда.

Шара барысында әріптестерін облыстық төтенше жәрділ департаменті бастығының орынбасары Руслан Қайрақбаев Ішкі істер министрі, полиция генерал-майоры Ерлан Тұрғымбаевтың мерекелік құттықтауымен таныстырды. Мұнан кейін бірқатар қызметкерлер түрлі марапатқа ие болды. Жылы соңы мерекелік концертке ұласты.

Жаңа мемлекеттік жәрдемақы

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі мамандарының болжамы бойынша 4 немесе одан көп баласы бар 340,3 мың отбасы мемлекеттік жәрдемақыға үміткер бола алады. Аталған жәрдемақы енгізілгеннен бастап Қазақстандағы көпбалалы отбасылар, жәрдемақы алушылар саны да артуы мүмкін.

Мемлекеттік жәрдемақы Президентінің 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмасы бойынша министрлік әзірлеген атаулы әлеуметтік көмек көрсетудің жаңа тетіктерінде көзделген табысы аз және көпбалалы отбасыларды қолдаудың негізгі үш бағытының бірі. Таяуда жаз жобасы Парламент қарауына ұсынылған.

Жоғарыда аталған мемлекеттік жәрдемақы 4 немесе одан да көп көмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын балалары бар барлық көпбалалы отбасыларға қарасты тәуелсіз жоспарлануда.

Жәрдемақы мөлшері бала санына қарай есептеледі. 4 бала = 42 500 теңге, 5 балаға 53 125 теңге, 6 балаға 63 750 теңге, 7 және одан да көп балаға 74 375 теңге төленеді.

Орта есеппен алғанда, жәрдемақы мөлшері әр балаға 10-11 мың теңгені құрайды, бұл 2018 жылдан бастап тағайындалмайтын осыған ұқсас жәрдемақыдан 4-7 есеге көп.

Қазақстанда бүгінде бала саны 7-ден асатын 3151 отбасы бар. «Алтын алқа», «Күміс алқамен» марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған және «Ана даңқы» орденімен марапатталған көпбалалы аналарға жеке мемлекеттік жәрдемақы төленеді. Олардың орташа мөлшері 16160 теңгені құрайды. 1 қазандағы жағдай бойынша оны 235 мыңға жуық адам алады. Бұл мемлекеттік жәрдемақы төленеді.

ҚР Үкіметі отырысында Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов Қазақстанда 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізу жоспарланатын отырған АӘК көрсетудің жаңа тетіктерін таныстырған болатын.

– Ең басты принцип – мемлекет көмекке мұқтаж адамдарға, әсіресе балалар мен көпбалалы отбасыларға

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АТАУЛЫ ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕК

2020 жылдың **1** ҚАҢТАРЫНАН БАСТАП

КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРҒА АРНАЛҒАН ЖАҢА МЕМЛЕКЕТТІК ЖӘРДЕМАҚЫ

- 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап **340 мыңнан астам** көпбалалы отбасы жаңа мемлекеттік жәрдемақы алатын болады.
- Мемлекеттік жәрдемақыны 4 немесе одан да көп көмелетке толмаған немесе 23 жасқа дейінгі күндізгі бөлімде оқитын балалары бар **барлық көпбалалы отбасыларға табысына қарамастан тәуелсіз жоспарлануда.**
- Мемлекеттік жәрдемақының мөлшері бала санына қарай есептеледі.**
4 бала = 42 500 теңге 6 бала = 63 750 теңге
5 бала = 53 125 теңге 7 баладан жоғары = 74 375 теңге
- Орта есеппен алғанда, жәрдемақы мөлшері әр балаға 10-11 мың теңгені құрайды**, бұл 2018 жылдан бастап тағайындалатын тоқталатын осыған ұқсас жәрдемақыдан 4-7 есеге көп.

enbek.gov.kz Call center 111

Қылмыстық істер көрсеткіші төмендеді

Биыл ұрлық, кісі өлтіру, денсаулыққа ауыр зиян келтіру, тонау қылмыстары 18,1 процентке азайған. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясында облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының судьясы Сәбит Әбдіқанов мәлімдеді.

Судьяның айтуынша, есепті кезеңде облыстың бірінші сатылы соттарында 1183, облыстық соттың қылмыстық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасында 195 қылмыстық іс қаралған. Судья С.Жуынтаева биыл 9 айда облыс соттарының өндірісіне 16295 талап қою арызы, 683 азаматтық іс, 8170 әкімшілік іс түскенін, бұл көрсеткіш өткен жылдың 9 айымен салыстырғанда азайғанын жеткізді.

– Сотқа жүгінуші азаматтардың облыс соттарында ашылған фронт-офистерде қызмет атқаратын медиаторлар мен адвокаттарға, заңгерлер кеңесіне жүгінгенін нәтижесінде аудандық соттарға түсетін талап қою арыздары біршама азайған. Өңірде азаматтық іс бойынша 1748 сот бұйрығы қабылданып, жеңілдетілген тәртіппен 3291 іс қаралып, шешілген, – деді ол.

Облыс соттарында медиация тәртібін қолдану арқылы 1151 іс, 270 қылмыстық және 350 әкімшілік іс қаралған. Партиципативтік рәсім тәртібімен 27 іс, татуласу келісіммен 139 іс аяқталған.

Сонымен қатар, биыл облыста билер кеңесі құрылды. Кеңес мүшелері дауласушы тараптарды татуластыру бағытында жұмыс жүргізуде.

Облыста 5 айға жуық уақытта билер кеңесінің көмегімен сотта және сотқа дейін сатыда 72 азаматтық, 12

қылмыстық іс шешімін тапқан. Баспасөз конференцияда Ш.Маликова Мемлекет басшысы Жолдауындағы сот және құқық қорғау жүйесіндегі күрделі реформаларға қатысты тапсырмаларға айтып өтті.

– 2019 жыл – «Сот төрелігін жүзеге асыру бойынша сапа жылы» деп жарияланғаны белгілі. Жолдауда да сот шешімдерінің сапасын арттыру үшін бірқатар маңызды шараларды жүзеге асыру қажеттілігі айқындалған, – деді ол.

Сонымен қатар «Сот төрелігінің жеті түйіні» шеңберінде облыс соттарында жүзеге асырылып жатқан «Түнгі сот», «Виртуалды сот», «Судья көмекшілері», «Татуласу: сотқа дейін, сотта», «Отбасылық сот» пилоттық жобаларының нәтижесі айтылды.

«СБ» ақпарат.

«СБ» ақпарат.



«PodarKing» бренді қалыптасып келеді

Жақында Нұр-Сұлтан қаласында «Қазақстанның үздік тауары» көрме-конкурсы аясында халықаралық колонершілер форумы өтті. Шараға біздің аймақтың шеберлері қатысты. Олардың қатарында колонер бұйымын заманауи талапқа сай етіп насихаттап жүрген Байжігіттер отбасы да бар. Бүгінде «PodarKing» атты брендин өз өнімдерін халыққа ұсынып жүрген Нұржан Байжігіттер жұбайы Жанар екеуі отбасылық бизнесті дөңгелетіп келеді. Олардың кәсібі өзгелерден ерек. Ағаштан кәдесыйлар, тойбақтар және ойыншықтар жасайды. Көздің жауын алатын бұйымдардың жанына тоқтамай отетіндер кемде-кем. Көпшілікті жастардың ұлттық бұйымдарды насихаттауы қызықтыра түседі.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Әрдайым жаңа идея ойлап тауып, ізденіс үстінде жүретін Нұржан сүйікті ісі туралы айтудан жалықпайды. Оның әңгімесінен өзінің кәсібін жан-дүниесімен бергенін ұқтық. Бизнеске өзін сынап көргісі келген көптің біріне ұқсамайды. Ең әуелі пайданы емес, ойға алған идеясының жүзеге асуына білек сыбана кіріскен ол өз ісінің жемісін де көре бастады.

Ағам Бақытжан екеуміз бір жылда ұлдарымызды сүндетке отырғыздық. Ат шаптырып, бөйге бермесек те қуанышымызды ұлттық нақышта жасағамыз келді. Сол кезде ұлттық бұйымдарды табу қиын екеніне көз жетті. Бірін қолдан жасай бастадық. Ұлымның қуанышына үлкен әзірлік соны кәсіпке жалғасты, – дейді ол.

Тың идеяны жары Жанар да қолдай кетті. Алғашқы бұйымдар дайын болған кезде саябақтағы колонершілер жәрмеңкесінің жиі ұйымдастырылуы талапты жандардың жолын ашты.

«PodarKing» – «Сыйлықтар патшасы» деген брендпен шыға бастадық. Мақсатымыз – ұлттымыздың баға жетпес байлығын, мәдени мұрасын ұмыт қалдырмай, ескелен ұрпаққа дәріптеп, нарықта ұлттық трендке айналдыру. Бұл жұмыстан біз рухани азық аламыз, – дейді кәсіпкер.

Сыйлықтардың патшасы дейтіндей бар. Ұлттық бұйымнан, колонерден артық қандай сый болсын?! Жәрмеңкеге келушілер Нұржан мен Жанардың әкелген бұйымдарына қатты қызықты. Бірі тапсырыс берсе, енді бірі ризашылықтарын білдірді. Елдің ықыласы қанат бітірді.

Ағаштан түйін тую – кез келгенге бұйыра бермейтін қасиет. Нұржанның әкесі қолынан келмейтін жөк шебер кісі болған екен. Дүниеден ерте кеткен әкенің бойындағы өнер балаға мирас болып қалған.

Қазір бұл кәсіп пен үй іші түгел айналды. Анасы, жары, балалары, бауырлары да ынты-шынтысымен еңбек етеді. Кәсіптің мәні де осындай болса керек. Бірін-бірі қолдап, ойы бір жерден шығып жатса, еңбектің жемісі болғаны.

Отбасы болып жұмыламыз. Қандай бұйым жасасақ та алдымен сызбасын сызып, ақыламыз. Барлығының пікірі ескеріледі. Тіпті кішкентайлардың да. Олардың қиялы ұшыр, тәуір дүние жасауға қанат бітіреді. Біз бұйымдарды



кәсіп, әрлесек, кішкентайлар құрастырады. Бала біз ойламаған, көрмеген нәрсені байқайды, – дейді ата-анасы.

Бір айта кетерлігі, бұйымдардың алғашқы тұтынушысы да балалары екен. Әр жасалған ойыншықпен ең әуелі үйдегі кішкентайлар ойнайды. Бұлдіршілер көңілінен шықса, ойнағанда сынбаса, онда сапалы болғаны.

Жергілікті әкімдіктің қолдауымен облыс орталығында ашылған өнер арбаты тасадағы талай таланттыларды танытты. Өнерлі отбасының танылуына арбатта жиі ұйымдастырылған көрменің көмегі көп. Арнайы дүкен ашу тәжірибесі басқан кәсіп иелері үшін оңай емес. Өнер арбатында талай бұйым сатылып, жарнама да жақсы жүргені сөзсіз. Сондай көрмелердің бірінде олардың жасаған бұйымдарына қатты қызығып, жөн сұрасқан Кәсіпкерлер палатасының қызметкері Гауһар Елеусинова оларды кеңес алуға шақырды. Әлі де кәсіптің қыр-сырын түсінбеген олар бұл ұсынысты жылы жауып қоя салды. Жыл өткен соң палатаға бас сұқты. Оларды қуана қарсы алған Г.Елеусинова кеңесшілермен таныстырады. Оқуға кеңес берді.

Тың идеяларға қолдау бар екенін түсіндіріп, «Бастау-бизнеске» оқуға жөн сілтеген соң, курстан өтіп, бизнес-жоспар жасап, құжаттарды реттеді. Бұл жерден бизнес әліппесін үйрендім. Инновациялық идеяларға арналған конкурстар қатысып, грант ұтып алып, қажетті құрал-жабдықтар сатып алдым. Осылайша кәсіпкер болдық, – дейді Н.Байжігіттер.

Әдепкіде бұйымдарға қызығушылық танытқандармен қоса сын айтқандар да аз болған жоқ. Тіпті, қайдан

келгенін сұрап, күмәнмен қарағандар да бар. Ал бүгінде еліміздің түпкір-түпкіріне таныла бастағанын үлкен мақтанышпен жеткізді. Кейіпкеріміз кәдесыйлар ғана емес, балалар үшін ойыншық та жасайды.

Мені ойландыртыны – балалардың телефонға тәуелділігі. Құрастырмалы үй, машина жасаймын. Сырттан келіп жатқан ойыншықтардың бала денсаулығына зиянын ескеріп жатқан жоқпыз. Біздің жасаған ойыншықтар – таза ағаштан, тіпті сырланбаған. Балалардың ой-өрісін дамытуға да, денсаулығына да пайдалы, – дейді ол.

Сапаны бірінші орынға қойған шебер шикізатқа аса мән береді. Бұл үшін ағаштың жақсысы қажет. Шикізат Алматыдан әкелінеді. Нарықта «PodarKing» брендімен танылған Байжігіттер жасаған бұйымның бұлай аталу себебін сұрадық.

Көптің есінде қалатындай болса екен дедім. Келешекте шетел нарығына шығамыз деген жоспарымыз бар. Сол себепті ағылшын тілінде атау қойдым. Мағынасы сыйлықтар патшасы дегенді білдіреді. Ұранымыз – Сіздің арманыңыз біздің қолымызбен!

Шебер жергілікті спортшыларға медаль ілгіш жасап, сыйға тартуды дөстүрге айналдырыпты. Сыр топырағынан шыққан әрбір спортшының медаль ілгіш медальға толса екен деген тілектестікпен жасайтын жасырмады.

Нұр-Сұлтан қаласында ұйымдастырылған колонершілер форумына шақырту алған Байжігіттер бұл шараның кәсібі үшін маңызды болғанын айтты.

Көрме халықаралық дәрежеде өтті. Жаңа Зеландиядан, Испаниядан, Тәжікстаннан, Өзбекстаннан және еліміздің түпкір-түпкірінен он саусағынан өнер тамған шеберлер жиналды. Сол жерде тәжірибе алмасып, білмегенімді үйреніп, үлкен әсермен, шабыттанып қайттық. Екі күнге созылған көрмеде елдің ықыласы да ерек болды, – дейді Арқадан арқаланып қайтқан шебер.

Екі жылдан бері сүйікті ісін кәсіпке айналдырған ол аймақтағы кәсіпкерлікке жасалып жатқан қолдауға көңілі толатындығын білдірді. Ал кәсіпті жамадан бастауға бел бұған замандастарына тәжірибеден түйген кеңесін айтып, бағыт сілтеді.

Кәсіп бастау үшін айқын мақсат керек. Бірінші кезекте қалтаны қалыңдату емес, сүйікті ісіңді сапалы жасау. Нарықты зерттеу, сұранысқа талау жүргізу қажет. Өрне, әдепкіде қиындықтар болады. Сол кездері қолды бір сілтемей, еңбектену керек, – делі ол.

Бастаған істі жан дүниеніңмен атқара білгенге табыс өзі келеді. Мақсат, жігер, ізденіс алға жетелейтін айтқан шебер кәсіпкер әлі талай белесті бағындыратынын үмітті. Бесіктегі баладан, еңкейген қарияға дейін колонер бұйым жасауға ден қойған еңбеккер отбасыға береке тіледі.

Ілгерілеудің кілті – ізденісте

Қазір ақпарат заманы болғандықтан, іздеген дүниенің, өзінді дамытуға қажет кеңесті желіден таба аласыз. Болмаса, көргені мен көкейге түйгені көп, тәжірибесі мол медиатренерлердің көмегіне жүгінесіз. Үздіксіз даму мен ізденістің соңында жүретін ақпарат саласының мамандары екінші нұсқаны құп көреді. Оны біз облыстық ішкі саясат басқармасы мен «Ұшыр жебе» қоғамдық қорының ұйымдастыруымен өткен кезекті семинар-тренингте байқадық.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ.

Сұлеймен Демірел атындағы университет оқытушысы, белгілі журналист Ахат Еркінбай жүргізген бұл басқосу өзара тәжірибе алмасу, цифрлық технологиялардың жаңа тенденцияларымен танысу алаңына айналды десек болады. Шара аясында «Ашық дерек негізінде ақпарат әзірлеу жолдары» және «Мультимедиа мен дата визуализация» тақырыптары талқыланды. Спикер «Дата журналистика» ұғымын тарқата отырып, оның соңғы елу жылдың көлемінде пайда болғанын, негізгі бастауын «Зерттеу журналистикасына» алатынын алға тартты.

– Ол интернеттегі ауқымды деректі сараптап, ішіндегі оқиғаның жай-жапсарын түсіндіру дегенге саяды. Бұған дейін инвестиция, яғни зерттеу барысында құпия құжаттың астарына үніліп, қоғам үшін маңызды бар деректі баяндауға күш салынатын. Ал, қазіргі дата журналистика ұғымымен қатар, күрделі сандардың



арсынан қызықты оқиғаны да көре білу керек. Ол үшін көбіне компьютер бағдарламаларының көмегіне сүйенген дұрыс, – деді медиатренер.

Сондай-ақ, спикер журналистер ағылшын тілімен қатар, жаңа құралдарды жетік меңгерсе, еңбектің нәтижелі боларын қаперге салды. Қанша жыл өтсе де, дәстүрлі медианың ішінде салалық медиа қалыптаспағанын, ал ол оқылқықтың орнын онлайн медиада толтыру өте маңызды екенін айтты. Қатысушылар да өздерін толғандырған сұраққа жауап алып, медиасауаттылықты арттыруға бағытталған шаралардан түйгені көп екендіктерін жеткізді.

Айтыс арқауы – еңбектің ерен бейнесі

Қармақшы ауданы «Ақжар» ауылының аты аңызға айналған азаматы, соғыс және еңбек ардагері Тиышбай Ешмуратов ұрпақтары әке рухына арнап ас беріп, ақындар айтысын өткізді.

Сәрсенбай жырау атындағы мәдениет үйінде өткен айтыс жыраудың ұрпағы Майра Сәрсенбаева арнау жырмен ашты.



Жетісу өңірінен келген ақындармен – Кенжебай Жүсіпов, Ай-Дол Рахметов, Қайрат Күлекешов секілді Сыр бойының белгілі айтыскерлері және қармақшылық жас ақын Берік Аққалиев сөз сайсына түсті.

Ақындар еңбек майданының асқақ тұлғасын сөз кестесіне салып, өзара әзіл-қағытпамен де көрерменнің көңілін көтере білді. Сондай-ақ, сөзгерлер айтыстың негізгі шарты – суырыпсалмалық өнерлері арқылы өз деңгейлерін танытты. Аяқасты айтылған сұрақ-жауаптан адамның да, заманның да болмысын ашуға ұмтылған ұтымды тіркестер туып жатты.

«Анана қызмет қыл аманында, Пейіштің кілті жатқан табанында» (Айтуған Жетебай, Талдықорған) немесе: «Жастардың болғанымен бәрі мерген,

Дәл көздейді деуші еді кәрі мерген» (Ауылым Жұмабекқызы, Алматы), – дейтін ақын сөздері жұртты серпілтіп отырды.

Айтыстың ақтық сынына екі жұлпыншып, арындарының шапқан сайын ашыла түсетінін дәлелдеді. Тақырыпты жаңажықты ашып, әділ бағасын алды. Айтысқа мөшiрiу жiрiуi Ашiулы, ардагер-ұстаз Бихан Дүйсенова және облыстық «Сыр бойы» газеті бас редакторының орынбасары, белгілі журналист Гүлжазира Жалғасова қазылық етті. Қорытындысында 500 мың теңгелік бас бөйгені алматылық Ауылым Жұмабекқызына әулетіні анысы Тұрсынәлі өже тапсырды. Бірінші орынның сыйлығын қызылордалық А.Рахметов, екінші орынды шнелілік К.Жүсіпов

Сағынышпен еске аламыз



жөндеу басқармасында, аудандық коммуналдық шаруашылықта есепші қызметтерін абыройлы атқарып, күрметті зейнет демалысына шықты.

Аулуы анамыз әкеміз Байзақпен 1962 жылы шаңырақ құрып, өмірге 2 ұл, 4 қыз әкелді. Текті тәрбиесін беріп, жоғары оқу орнында оқытып, дүниеге бір кірпіш болып қалануымызға жағдай жасалды. Ұлды – ұяға, қызды қияға қондырып, немере сүйді. Шаңырағымыздың шатығы мен берекесі болған анамыздың әрбір ақылы, ағайынмен сыйластығы, кішіні құрметтеу әлебі біздерге үлгі болып қалды. Үл еткен жекпен қорғаған анамыздың аялы алақанын, нұрлы жанарын сағынамыз.

Бүгінде ортамызда болғанда анамыздың 80 жасқа келген мерейтойын атап өтер едік. Алғашқы ісіне не шара, фанден өткеніне есе алып, ас беріп құран бағыштап отырмыз. Оқылған дұға қабыр шұғалдырып, орны жаннат төрнен бұйырсын деп тілейміз. Сіз біздің жүрегімізге жасай бересіз, жан ана.

Еске алушылар: Іздікбаевтар әулеті.

Нұрлансын аяттармен қабіріңіз



Аулуы анамыз шаңырағымыздың берекесі, ағайын-туыстың қамқоршысы еді. Біздерді оқытып, арқайсысымыздың өмірден өз орнымызды табуымызға ақыл-кеңесін беріп, ұлды – ұяға, қызды қияға қондырып, немере-шөбере сүйді. Өмір жолындағы ең жоғары баға – елдің ыстық ықыласына, ағайынның алғысына бөленді.

Жан ана, сіз еліңіз жан шұағы, Шаңырақтың шұғалыны шамшырағы.

Өзіңіз жок болған соң күй көмескі, Қайткенде көңіл шіркін ашылады. Жар болсын бәрімізге тәңірміз, Сіз салған аластырмас тағалым-із. Ас беріп дұға еттік, қабыл қылсын, Нұрлансын аяттармен қабіріңіз.

Ардақты жанның қонақасысы 25 қазан күні сағат 15.00-де, жылдық асы 26 қазан күні сағат 11.00-де Жалағаш кенті, Октябрь тұлғыны МЭЗ үйде берілетін барлық ағайын-туыс, құда-жежат, тілеулес жандарға хабарлаймыз.

Еске алушылар: Әбдіхалықовтар әулеті.

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық баспа-баспадарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

Облыстық психикалық денсаулық орталығының ұжымы орталық дәрігері Сәкен Отеуғұлы Кеуілжаевтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

«СБ» ақпарат.